

**Б**асты әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыру бойынша өміршең бастамаларды көтерген ел Президентінің өткен жылдың қыркүйек айында жариялаған жолдауында ұлттың ұйысуы дамудың басты факторы ретінде айшықталады.

«Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдеп, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет» екендігін алғатартты. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы Заңының 6 бабында Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қауіп қатерлеріне демографиялық ахуалдың нашарлауы, заңсыз көші-қон, терроризм, экстремизм, ұлтаралық қақтығыстар, экологиялық, экономикалық қауіпсіздіктермен қатар, «Қазақстан Республикасы халқының мәдени және рухани

# ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

мұрасынан айырылуы» қауіп-қатерлердің негізгі түріне жатқызылған.

«Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді. Сондықтан, этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді. Бұл – бекерге айтылған сөз емес. Мұндай ұстанымды қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдайды», дей отырып, ұлт мәселесін, егемендік, демократия, адам құқығы мен бостандығы мәселелерінің маңыздылығын ерекшелейді.

Жолдауда, «Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықпыз. Біздің нағыз күшіміз – осын-

да. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз», деп айтылған. Қазақстандағы саяси қозғалыстар, ұлттық ұйымдар және мемлекеттік құрылымдар да ұлт мәселесіндегі дағдарыстарға жол бермеуге, этносаралық шиеленістердің алдын алудың, ұлтаралық қатынастарда достықты нығайтудың жүйелі шараларын қарастыруды өздерінің өзекті саяси-әлеуметтік міндеттерінің басты өзегі деп түйсінеді.

«Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық

азаматымыз түсінуі қажет. Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз» деп айқындалғандай, қазіргі жағдайдағы мәселе Қазақстан Республикасының мүдделері тек қана қазақ халқының ұлттық мүддесі арқылы ғана бірегейлендіруге мүмкін болмайтындығында болып отыр. Президент ұсынған «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын да осы бағыттың жалғасы түрінде қарастырып, жоғарғы технологиялар дәуіріндегі мемлекеттің қызметін ұйымдастырудың нысаны ретінде бағалауға болады.

**М.БЛАШЕВА,  
А.ЖАҚСЫБАЕВА,  
А.АЛШЫОРАЗОВА,  
А.ШЕРАЛИЕВА,  
М. Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті, Азаматтық  
құқық және азаматтық  
іс жүргізу кафедрасы  
Құқық магистрлері, аға  
оқытушылары**